

ӘОЖ 311.216; 336.717.6

А.Т. Кабиева

Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: Asem_kt_1985@mail.ru

Басқару шешімдерін қабылдау үшін кәсіпорында есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін дамытудың теориялық аспектілері.

Мақалада кәсіпорындарда есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастырудың негізгі ережелері, талаптары, қағидалары қарастырылған. «Кәсіпорындарда есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесі» түсінігінің мағынасы зерттелген. Кәсіпорында басқару шешімдерін есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін ұйымдастыру үшін сақтау талап етілетін, талаптар талданған; тиімді есеп жүйесін дамытудың қағидалары анықталған, есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдірудің себептері келтірілген. Сонымен қатар, кәсіпорында тиімді есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесінің болмауы кәсіпорындарда басқарудың төмен деңгейінің бірден-бір себебі болып табылады.

Түйін сөздер: есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесі, кәсіпорында басқару шешімдері, қолданушылар, талаптар, қағидалар, есеп, анализ.

А.Т. Кабиева

Теоретические аспекты развития системы учетно-аналитического обеспечения предприятия для принятия управленческих решений

В статье рассмотрены основные положения, принципы и требования организации системы учетно-аналитического обеспечения на предприятиях. Исследовано содержание понятия «система учетно-аналитического обеспечения на предприятиях». Проанализированы требования, которые требуют соблюдения для организации системы учетно-аналитического обеспечения управленческих решений на предприятии, приведены причины совершенствования системы учетно-аналитического обеспечения; выявлены принципы развития эффективной учетной системы. Также считается, что главной причиной низкого уровня управляемости на предприятиях служит отсутствие эффективной системы учетно-аналитического обеспечения.

Ключевые слова: система учетно-аналитического обеспечения, управленческие решения на предприятии, пользователи, требования, принципы, учет, анализ.

А.Т. Kabiyeва

Theoretical aspects of the system of accounting and analytical provision at enterprises for making managerial decisions

The article comprises the basic principles, requirements and also issues of the system of accounting and analytical provision at the enterprises. The content of the "system of accounting and analytical provision" at the enterprises is investigated.

Requirements to the organization of the system of accounting and analytical provision for making managerial decisions at the enterprise are analyzed. The reasons of improvement of the system of accounting and analytical provision are given. The principles of the effective accounting system development are revealed. Also it is considered that the main reason of low level of controllability at the enterprises is lack of the effective system of accounting and analytical provision

Key words: system of accounting and analytical provision, managerial decisions, users, requirements, principles, accounting, analysis.

Аталмыш зерттеудің басты мақсаты – кәсіпорын қызметінде негізделген басқару шешімдерін қабылдау үшін есептік-аналитикалық жүйе-

нің даму аспектілерін қарастыру. Зерттеу нәтижелері әртүрлі сипаттағы басқару шешімдерінің туындауы бухгалтерлік есептің дәстүрлі жүйесін

жан-жақты дамытуын қажет ететіндігін көрсетті. Сонымен қатар заманауи бухгалтерлік есептің дамуы кәсіпорынның есептік-қаржылық ақпаратты дайындау және өңдеуінің дамуына байланысты.

Зерттеудің теоретикалық және әдіснамалық базасы ретінде кәсіпорынның есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін құру мәселелеріне арналған мамандардың жұмыстары қызмет етті. Зерттелген жұмыста экономикалық ақпаратты өңдеу және талдаудың әртүрлі әдістері қолданылды: топтау, жалпылау, салыстыру және т.б. әдістер. Ақпараттық қор ретінде мерзімдік басылымдар, отандық және шетелдік авторлардың еңбектері алынды.

Зерттеу маңызы – қайнар көздерден алынған ақпараттар мен қазіргі заманғы экономика талаптарына сай есептік-аналитикалық жағынан кәсіпорын қызметін қамтамасыз етуге мүмкіндік беруі.

Бухгалтерлік есептің дамуының қазіргі тұжырымдамасы кәсіпорынның есептік жүйесі шегінде туындайтын, есептік-қаржылық ақпаратты дайындау және өңдеуінің дамуына байланысты.

Қазіргі экономикалық қатынастар жағдайында жұмыс істейтін кәсіпорындарға тиімді басқару технологияларын қолдану табанды талап етіледі, бұл олардың қаржылық тұрақтылығы мен өтем қабілеттілігін сақтап қалуға мүмкіндік тудырады. Мұндай жағдайда тактикалық және стратегиялық сипаттағы басқару шешімдерін қабылдау, қажетті аналитика бөлігінде, нақты шұғыл ақпараттарға негізделуі қажет, ал мұны өз кезегінде бухгалтерлік есептің дәстүрлі жүйесі қамтамасыз ете алмайды [1].

Әр кәсіпорынның есеп жүйесінің сапасын, оның жұмыс істеуінің тиімділігін ақпаратты қолданатын тұлғалардың қанағаттануы арқылы анықтауға болады, оларға субъектінің активтері, міндеттемелері, меншікті капиталы, кірісі мен шығысы туралы ақпараттық шешім қабылдау үшін қажет.

Басқару шешімдері сәйкес есептік-аналитикалық қамтамасыз етуге негізделуі керек.

Соңғы жылдары осы мәселеге көптеген ғылыми жұмыстар пайда болды. Жетекші экономист ғалымдар есептік-аналитикалық жүйенің мәніне және құраушы бөліктеріне, сонымен қатар олардың шаруашылық субъектінің

менеджментінде алатын орны мен рөліне өз көзқарастарын және пікірлерін білдіреді.

В.Л.Усатова есептік-аналитикалық жүйе түсінігін өзара әсерлі және өзара байланысты элементтердің кешені ретінде түсіндіреді, олар қызметті жоспарлау, тиімді басқару шешімдерін дайындау, қабылдау және іске асыру үшін қажетті нысандағы ақпаратты үздіксіз жинақтау, өңдеу және бағалау үрдісін қамтамасыз етеді. Оның пікірінше, есептік-аналитикалық жүйенің негізінде жүйелік тәсілдеме жатыр, ол кәсіпорынды біршама қосалқы жүйелерден (есептік-есептілік, аналитикалық және бақылаушылық) тұратын, күрделі объект ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [2].

Отандық ғалымдар К.К.Кеулимжаев, Н.А.Кудайбергеновтың пайымдауы бойынша, есептік-аналитикалық жүйе – бастапқы аналитикалық мәліметтерді құралу көздерінен шығу мәліметтерін жинау үдерісі мен құрастырылған аналитикалық мәліметтерді әрі қарай өңдеу жосығы мен өндірістік қызметті бағалау және бақылауда алынған аналитикалық ақпаратты қолдану [3].

М.А.Вахрушинаның көзқарасынша, есептік-аналитикалық қамтамасыз ету дегеніміз қаржылық және қаржылық емес ақпаратты жинау, өңдеу және беру, менеджерлер бұл ақпараттарды өздеріне тиесілі бөлімшелердің қызметінің бабын жоспарлау және бақылау үшін, алынған нәтижелерді өлшеу және бағалау үшін қолданады [4].

К.Т.Тайгашинованың айтуы бойынша, есептік-аналитикалық қамтамасыз ету бұл кәсіпорын қызметінің ақпараттық (жоспарлы, есептік және есептен тыс шығу көздері) және әдістемелік қамтамасыз ету (талдаудың әдістері және әдіснамасы) жиынтығы [5].

И.А.Бланк есептік-аналитикалық жүйеге келесідей анықтама береді: «кәсіпорынның қаржылық қызметінің барлық аспектілері бойынша шұғыл тиімді басқару шешімдерін дайындау, талдау және жоспарлау үшін қажет, сәйкес ақпараттық көрсеткіштерді үздіксіз іріктеу нысанындағы үдерісін қамтамасыз ететін функционалды кешен» [6].

Л.Н.Никулина есептік-аналитикалық жүйе өзіне келесі элементтерді қамтиды деп есептейді:

1) кәсіпорынның шаруашылық қызметінде болған жайттарын әділ бейнелейтін, жүйелік жазбалардың арнайы әдісі (технологиясы), олар

оларды бірыңғай үлгіге біріктіруге мүмкіндік береді: есеп – талдау – аудит;

2) аналитикалық көрсеткіштер;

3) аудиторлық дәлелдемелер [7].

Аталмыш ғалымдарың есептік-аналитикалық жүйеге берген анықтамаларын қарастыра келе, біз бұл ұғымға келесідей анықтама береміз: есептік-аналитикалық жүйе – бұл кәсіпорын қызметін қаржы тұрғысынан қамтамасыз ететін, аналитикалық жосықтарды іске асыру үшін қажет және жарамды болып табылатын, ақпараттық қорлардың және оларды ұйымдастыру тәсілдерінің жиынтығы.

Біздің көзқарасымыз бойынша, осы заманғы есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін болып жатқан өзгерістерге бейімдеу керек.

Осы аймақтағы зерттеулерге жүргізілген талдау келесі қорытындыларды тұжырымдауға мүмкіндік берді:

- есеп және талдаудың дәстүрлі жүйесі маңызды болып табылады, бірақ қазіргі кезде негізгі назар, өндірістік және басқару шешімдері үшін ақпаратты қалыптастырудың келешектегі жүйесіне негізделген, бизнес стратегиясының дамуын іздестіруге бөлінеді;

- бухгалтер-аналитиктің рөлі маңызды түрде өзгереді, әсіресе бұл орташа және ірі ұйымдарға қатысты, өйткені ол бизнес стратегиясын дайындау үрдісіне үлкен дәрежеде тартылады;

- есеп қара бастың қамы болып табылмайды, ол бизнесте жетістіктерге қол жеткізу құралы болып қызмет етеді.

Жалпы алғанда есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін құруда келесі жағдайларды атап өтуге болады:

- есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесінің ақпараты басқару шешімдерін қабылдау үшін арналған;

- есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесінің ақпараты басшылардың экономикалық субъектіні басқарудың барлық деңгейлерінде ішкі қолданысқа арналған;

- есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесі ақпаратының көп бөлігін экономикалық субъектінің өнімінің өзіндік құны мен шығындары туралы мәліметтері алады.

Кәсіпорынның есептік-аналитикалық жүйесі басқарудың негізгі қызметтерін, сонымен қатар басқарудың барлық деңгейлерінде тиімді шешім қабылдау үшін есептік, аналитикалық, жоспар-

лау, бақылау, уәждеме, реттеу қызметтерін іске асыруды қамтамасыз етеді.

Кәсіпорынды басқаруда есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін құрудың негізгі қағидалары болып келесілер табылады:

- жүйелік көзқарас;

- жеке басқару шешімдерін дайындауға көзқарастардың нұсқалылығы;

- басқару шешімдерін қалыптастырудың кешендік сипаты;

- кәсіпорынның өзіне тән ерекшеліктерін есепке алу.

Есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін іске асыру үшін аналитикалық қызметті ұйымдастырудың қағидалық сызбасы бар. Бірінші орынға ақпараттық базаны қою қажет, сонымен қатар басқару шешімдерін қабылдау үшін аналитикалық жіктеу мен кестелерді құрулары және аналитикалық көрсеткіштер мен қорынтындылары да алуы мүмкін.

Есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесінің тиімділігі экономикалық субъектінің жұмысы, қызметінің ерекшелігін есепке алуына байланысты.

Есептік-аналитикалық жүйенің негізінде құрылымдық тәсіл жатыр, ол ұйымды бірқатар қосалқы жүйелерден тұратын, күрделі объект ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Н.А.Тычининаның пікірі бойынша, кәсіпорынның есептік-аналитикалық жүйесі өзара байланысты төрт қосалқы жүйелерден тұрады: ақпараттық, есептік, аналитикалық және аудиторлық. [8].

Біздің пікірімізше, қосалқы жүйелердің әрқайсысының әртүрлі мақсаттары, міндеттері, объектілері, шаралары бар және әртүрлі ақпаратты қолданушыларға арналған келесі элементтерден тұрады:

- есептік қосалқы жүйесі – қаржылық, басқарушылық және салықтық;

- аналитикалық қосалқы жүйесі – қаржылық, басқарушылық және салықтық;

- аудиттік қосалқы жүйесі – қаржылық, басқарушылық және салықтық;

Есептік – аналитикалық жүйеде негізгісі болып есептік қосалқы жүйесі саналады, себебі осы ақпараттың негізінде кәсіпорынның қызметін талдауы және аудиті құрастырылады. Есептік қосалқы жүйесі қажетті ақпаратты тұрақты құрастыруды, жинақтауды, жіктеуді және жалпылауды қамтамасыз етеді.

Аналитикалық қосалқы жүйесі – бұл басқаруға оңтайлы басқару шешімдерін өндіру үшін негіз. Ол ұнамсыз және үдемелі құбылыстардың даму беталысын уақытылы көруге мүмкіндік береді. Талдаудың түрлі әдістерінің негізінде басқару шешімдерінің нұсқалары дайындалады, олар үдемелі даму үшін қолайлы жағдайлар жасауға және дамудың кері беталысын тоқтатуға көмектеседі.

Толассыз талдауды ұйымдастыру кезінде оның шұғылдығы мен қызметтілігі өседі, өйткені талдау бухгалтерлік есеппен қатар жүреді, сонымен қатар шаруашылық қаржылық есеппен бірге орындалады. Шаруашылық қызметті басқарудың аналитикалық қамтамасыз ету қосалқы жүйесі ұйымның барлық ақпараттық қорын жандандырудың арқасында кәсіпорынның тиімділігін тұрақты арттырушы факторға айналады.

Аудиттік қосалқы жүйесі басқару шешімдерінің іске асуын бақылауға мүмкіндік береді, олардың орындалуына кепілдік жасайды және басқару үрдісінің тиімділігін арттырады. Аудиттің көмегімен кәсіпорын қызметінің заңдық және нормативтік актілерімен бекітілген, ережелер мен талаптарға сәйкестігі тексеріледі және басқару сұрақтары бойынша кәсіпорынға кенес беру сұрақтары іске асырылады.

Кәсіпорынды басқарудың есептік-аналитикалық жүйесі қажетті ақпаратпен кәсіпорын қызметкерлерін және кәсіпорынды мешіктенушілерді ғана қамтамасыз етуге емес, сонымен қатар аясы кең сыртқы қолданушылардың – әлуетті инвесторлар, кредиторлар, салық органдары, аудиторлық фирмалар және т.б. қызығушылығын қанағаттандыру үшін тартылған.

Кәсіпорынды басқаруда есептік-аналитикалық жүйені құру үрдісінде қолданылатын, ақпараттың барлық көздерін ішкі және сыртқы деп бөлуге болады. Ішкі көздерге кәсіпорынның ішінде құрылатын ақпарат, ал сыртқы көздерге кәсіпорыннан тыс құрылатын ақпарат жатады.

1-кестеде есепті жүргізу және есеп беруді жасау жүйесінде айналып жүретін, ақпаратты жіктеу, сонымен қатар қолданушылармен шешім қабылдауда есептік-аналитикалық жүйенің есептік және есептен тыс мәліметтерінің шығу көздерінің негізгі топтары атап көрсетіліп, құрылған.

Сонымен, бағдар ақпараттың қажеттілігіне байланысты ақпаратты стратегиялық, тактикалық, оперативтік шешімдер қабылдау үшін; қызмет ету сипатына байланысты – есептік, жоспарлы, нормативтік-анықтамалық, бақылаушылық, аналитикалық, бағалаушылық; белгісіздік дәрежесі бойынша – детерминдендірілген және

1-кесте – Түрлі белгілері бойынша экономикалық ақпараттарды жіктеу.

Жіктеу үшін белгілер		Шығу көздерін сипаттау
Қызмет ету ортасы	Шығу көздері	
Сыртқы ақпарат ортасы	Есептен тыс көздер	Нормативтік-құқықтық актілер Аудиторлық есеп берулер Статистикалық мәліметтер Салықтық тексерістердің мәліметтері Маркетингтік зерттеулердің мәліметтері Аналитикалық шолулар Рейтингтер
	Есеп көздері	Бастапқы құжаттар, келісім-шарттар
Ішкі ақпарат ортасы	Есептен тыс көздер	Регламенттік құжаттар Техникалық-технологиялық ақпараттар Жоспарлы-бюджеттік ақпараттар Аналитикалық анықтама Қаржылық есеп беру Салықтық есеп беру Статистикалық есеп беру
	Есеп көздері	Кәсіпорынның есеп саясаты Қаржылық есептің мәліметтері Салық есебінің мәліметтері Басқару есебінің мәліметтері Шұғыл есептің мәліметтері Ішкі есеп беру

ықтималдылық; пайдаланушылар сипаты бойынша – салалық және жалпы ұйым бойынша және т.б деп бөлуге болады.

Есептік – ақпаратты пайдаланушыларды топтар бойынша жіктеу оңтайлы. Бұл топтарды басқару деңгейлерімен орайластырады. Ішкі және сыртқы ортаны қамтитын басқарудың бес деңгейін ерекшелеуге болады:

- мемлекеттік басқарудың деңгейі;
- акционерлер мен контрагенттердің деңгейі;
- шоғырландырылған топты басқару деңгейі;
- стратегиялық басқарудың деңгейі;
- жедел басқарудың деңгейі.

Есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесі шегінде ақпарат қабылданатын шешімнің сипаты мен деңгейіне байланысты басқарудың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыруы қажет. Ақпарат әртүрлі көздерде орналасқандықтан, біздің ойымызша, оларды ақпараттық жүйеде қолдана алу үшін, ол келесі талаптар мен қағидаларды қанағаттандыруы қажет:

- талдамалылық, яғни ақпараттың қажеттіліктеріне сай болуы;
- объективтілік, яғни ақпараттың заманауи мәліметтерін объективті көрсетуі;
- уақытылы, яғни ақпараттың басшыларға шұғыл жеткізілуі;
- ақпараттардың ортақтығы, яғни әртүрлі көздерден түсетін ақпараттардың ортақ болу қажеттігі;
- релеванттық, яғни шешім қабылдау үшін ақпарат нақты болуы керек;

Есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдірудің қажеттілігін келесі себептермен түсіндіруге болады:

- кәсіпорын ішкі ортадан өз дамуы барысында немесе дамуды болжайтын, сыртқы бизнес-ортаны талдауға көңілін аударуымен;
- сыртқы бизнес-ортаның өзгеруіне басқару шешімдерін қабылдау жылдамдығын жоғарылатуымен;
- кәсіпорынның шұғыл және стратегиялық қызметінің арасында өзара байланысының болу қажеттілігімен, өйткені есеп және басқару, стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу нақты көрсеткіштер жүйесінде көрсетіледі.
- есеппен және басқарумен, олар кәсіпорынның даму стратегиясының өзгерту қажеттілігін сипаттайды;

- есептің, шығындарды басқару мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың жаңа әдістерінің пайда болуымен.

Кәсіпорында есептік-аналитикалық қамтамасыз етудің тиімді жүйесін ұйымдастыруда өнеркәсіптің ағымдағы шығындары мен айналымының құрамын анықтау, бухгалтерлік есепті және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялауды ұйымдастыру, сонымен қатар осының негізінде кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін құрастыру жүйесін орнату ең негізгі мәселе болып табылады. Бәсекелестіктің, монополиясыздандырудың, баға белгілеудің еркін жүйесінің экономикалық дамуына қарай есеп және талдаудың негізгі объектісі мен маңызды факторы ретінде өндірістік шығындардың маңызы жоғарылайды.

Нарықтық бәсекелестік жағдайында өндірістік жүйені басқару мен бақылау қызметі ретінде бухгалтерлік есеп әдістерінің барлық элементтерінің, әсіресе бағалау мен калькуляция сияқты элементтерінің рөлі анағұрлым өседі. Сондықтан, шығындарды шұғыл басқару, нарықтық бағалардың өзгеруіне әрекет ету үшін, есептік объектінің шегінде баптар мен элементтер бойынша, осы аралықта өзіндік құнды нарықпен салыстырып қарау мақсатында оны шұғыл есептеуге және қаржылық нәтижелерді анықтауға мүмкіндік беретін, шығындарды есептеу жүйесін атап өту қажет.

Өзінің жұмысын іске асырудың ыңғайлырақ мерзімдерін анықтау және барынша көп пайда алу үшін, шығындарды осылай шұғыл есептеу қандай да болмасын шаруашылық субъектіге қажет. Сонымен қатар, қазіргі бәсекелестік ортада шаруашылық субъектілері шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту, тауардың сырқы түрін, өңін жақсарту, оны сатып алушыларға жеткізу үшін жағдайлар жасау, сақтау және есептеулерді жүргізуде сенімді белсенділік табытады.

Өнімді өндіруге кеткен шығындар қолданылатын қорлар санына және оларды алу бағасына байланысты. Осыған орай шығындардың өндірілетін өнімнің, орындалған жұмыстардың, өндіріс технологиясының өзгерістерінің, ұйымдастырылған шаруашылық пен меншіктіліктің, ұйғарымды ең төменгі деңгейде шығындарды іске асыруды қамтамасыз ететін, жағдайлар

мен факторлардың үйлестігінің көлеміне тәуелділігін анықтау үшін оның құрамын зерттеу маңызды мағынаға ие болады.

Қазіргі заманғы экономиканың қажеттіліктеріне, ұйымды басқарудың экономикалық әдістерінің талаптарына есепті бейімдеу жүріп жатыр, бірақ оны тиімді жүргізу үшін есептің және өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың ұйымдастырушылық және әдістемелік аспектілерін мұқият дайындау талап етіледі. Өнімді өндіруге кеткен шығындарды жан-

жақты зерттеу нарықтық экономика жағдайында әртүрлі мақсаттар үшін қолданылуы мүмкін. Объектісі және белгілеуі бойынша өндірістік шығындардың нақты деңгейлерін анықтай алатындай етіп жүйелеу қажет.

Кәсіпорында есептік-аналитикалық қамтамасыз ету жүйесінің тиімді қызмет етуі оның кешенділігіне, ұйымдастырушылығына және қызмет ете алуына ғана тәуелді емес, сонымен қатар оның құрылымының мейлінше анық айқындалуына байланысты.

Әдебиеттер

- 1 Калущая Н.А. Учетно-аналитическое обеспечение в системе управления организацией / Н.А. Калущая// Молодой ученый. – 2013. – №6.
- 2 Усатова Л.В. Формирование управленческой и налоговой составляющей учетно-аналитической системы расходов в условиях неопределенности в период трансформации международных стандартов: автореферат дис. ... д-ра экон. наук. – Орел, 2008.
- 3 Кеулимжаев К.К., Кудайбергенов Н.А. Производственный и управленческий учет: учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2011. – 330с.
- 4 Вахрушина М.А. Бухгалтерский управленческий учет: учебник / М.А. Вахрушина. – М.: Омега, Л., 2007. – 576 с.
- 5 Тайгашина К.Т. Басқару есебі: Оқу құралы. Қазақ тілінде 1-ші рет шығ. / Аударған М.Қ. Акишев. – Алматы: «ЛЕМ баспасы» ЖШС, 2011. – 332 б.
- 6 Бланк И.А. Энциклопедия финансового менеджера: В 4 т. Т.1. Концептуальные основы финансового менеджмента. – 2-е изд., стереотип. – М.: Омега. – Л., 2008. – 447 с.
- 7 Никулина Л.Н. Формирование учетно-аналитической системы обязательств на промышленных предприятиях: автореферат дис. ... канд. экон. наук. – Орел, 2002. – 24 с.
- 8 Тычинина Н.А. Теоретическое обоснование содержания учетно-аналитического обеспечения устойчивого развития предприятия // Вестник Оренбургского государственного университета. – 2009. – №2.

References

- 1 Kaluzkaya N.A. Uchetno-analiticheskoe obespechenie v sisteme upravleniya organizaciei/N.A. Kaluzkaya//Molodoi uchenyi.-2013.-№6.
- 2 L.V.Usatova Formirovanie upravlencheskoi I nalogovoi sostovljaushei uchetno-analiticheskoi sistemy rashodov v uslovijah neopredelennosti v period transformacii meshdunarodnyh standartov: avtoreferat dis. ... d-ra ekon. Nauk.-Orel,2008
- 3 K.K. Keulimshaev, N.A.Kudaibergenov Proizvodstvennyi I upravlencheskii uchet. Uchebnoe posobie. Almaty:Ekonomika,2011.-330s.
- 4 M.A.Vahrushina Buhgalterskii upravlencheskii uchet. Uchebnic/ M.A.Vahrushina.- M.: Omega – L, 2007.-576s.
- 5 K.T. Taigashinova Baskaru esebi: Oku kuraly. Kazak tilinde 1-zhi ret zhyg./ Audargan M.K. Akishev. Almaty: «LEM baspasy» SHZHS., 2011.-332b..
- 6 I.A.Blank Enciklopedia finansovogo menedgera:V 4.T.1. Konceptualnye osnovyi finansovogo menedgmenta.-2-e izd., stereotip.M: Omega-L,2008.-447s.
- 7 L.N.Nikulina Formirovanie uchetno-analiticheskoi sistemy objazatelstv na promyshlennyh predpriyatijh: aavtoreferat dis. ... kand.ekon. nauk.- Orel, 2002.-24s.
- 8 N.A.Tychinina Teoreticheskoe obosnovanie soderzhania uchetno-analiticheskogo obespechenia razvitiya predpriatia// Vestnik Orenburgskogo gosudarstvennogo universiteta.-2009.№2.